

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелерін  
түсіндіру жөніндегі кеңестің  
ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қ.

03 қараша 2023 ж.

**Сөз сөйлеген:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы (комплаенс-офицер) М.Б. Балхожаев.

**Қатысқандар:** Күрделі құрылыс және жөндеу құрылыс жұмыстары басқармасының (бұдан әрі-КҚжЖҚЖБ) басшылары мен мамандары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмыскерлері.

КҚжЖҚЖБ жұмыскерлерімен кездесу барысында келесі ақпарат жеткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа абсолютті төзбеушілік саясатын іске асыру, кәсіпорында сыбайлас жемқорлық деңгейін барынша төмендету бойынша тиімді шараларды әзірлеу, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасы саласындағы нормалардың сақталуын бақылау мақсатында «МАЭК» ЖШС-де байқау кеңесіне тікелей бағынатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылды. Байқау кеңесінің шешімімен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы (комплаенс-офицер) Балхожаев Мухит Бауыржанович бекітілді.

Қызмет қызметінің негізгі мақсаты Серіктестіктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі функциялары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысының алдын алу, жеке және заңды тұлғалардың заңнамаға қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын бұзу фактілері бойынша өтініштерін қарау, кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Сондай-ақ қатысушыларға сыбайлас жемқорлықтың кез келген фактілері және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарын өзге де бұзушылықтар бойынша кәсіпорынның кез келген жұмыскері 64-266 нөмірі бойынша, [maekhotline@maek.kz](mailto:maekhotline@maek.kz) электрондық поштасына немесе тікелей сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүгіне алатын құрылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жедел желі (сенім телефоны) туралы түсіндірілді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы ақпаратпен жүгінгендерге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде құпиялылыққа және қудалаудан қорғауға кепілдік берілетініне баса назар аударылды.

Түсіндіру бойынша сұрақтар мен ескертулер болған жоқ.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы  
(комплаенс-офицер)**

**М. Балхожаев**

**Хатшы**

**Е. Филиппов**

**ПРОТОКОЛ**  
**совещания по разъяснению вопросов соблюдения требований законодательства о**  
**противодействии коррупции**

г. Актау

03 ноября 2023 г.

**Выступил:** Руководитель Антикоррупционной комплаенс-службы (комплаенс-офицер)  
М.Б. Балхожаев.

**Присутствовали:** руководители и специалисты Управление Капитального строительства и Ремонтно-строительных работ (далее УКСиРСП), работники антикоррупционной комплаенс-службы.

В ходе встречи с работниками УКСиРСП была доведена следующая информация.

С целью реализации политики абсолютной нетерпимости к коррупции, выработке эффективных мер по максимальному снижению уровня коррупции на предприятии, контролю за соблюдением норм в сфере законодательства Республики Казахстан по противодействию коррупции была создана в ТОО «МАЭК» Антикоррупционная комплаенс-служба с прямым подчинением Наблюдательному совету. Решением Наблюдательного совета утвержден Руководитель Антикоррупционной комплаенс-службы (комплаенс-офицер) Балхожаев Мухит Бауыржанович.

Основной целью деятельности Службы является обеспечение соблюдения Товариществом и его работниками законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции, а также мониторинг за реализацией мероприятий по противодействию коррупции. Основными функциями Антикоррупционной комплаенс-службы являются противодействие коррупции, предотвращение конфликта интересов, рассмотрение обращений физических и юридических лиц по фактам нарушений требований законодательства в сфере противодействия законодательства, коррупционных и других противоправных действий, формирование антикоррупционной культуры на предприятии.

Также присутствующим было разъяснено, о возможности обращения по любым фактам коррупции и иным нарушениям требований законодательства Республики Казахстан в сфере противодействия коррупции созданную антикоррупционную горячую линию (телефон доверия) куда может обратиться любой работник предприятия по номеру 64-266, на электронную почту [maekhotline@maek.kz](mailto:maekhotline@maek.kz), либо напрямую в Антикоррупционную комплаенс-службу.

Был сделан акцент на том, что обратившимся с информацией о факте коррупционного правонарушения гарантируется конфиденциальность и защита от преследования в рамках Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции».

Вопросов и замечаний по разъяснению не поступало.

**Руководитель Антикоррупционной комплаенс-службы**  
**(комплаенс-офицер)**

**М. Балхожаев**

**Секретарь**

**Е. Филиппов**